



Бекітемін: *Бегу*
«Нұрай» жеке бағабакшасының
Менгерушісі Л.К.Бакешова
«08» 08 2022ж

Тексеріліп: *Әміре*
Әдікер А.Айтабыл
«08» 08 2022ж

«Үлгілік Асылы» үйірмесі іс-әрекетінің жұмыс кестесі

2022 – 2023 оқу жылы.

Р/С	Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
	Топтың атауы	Уақыты				
1	«Балнұр» ортаны тобы	4.30 - 5.15				
2	«Айзер» ересек тобы			4.30 - 5.30		
3	«Балауса» МАД тобы					4.30 - 5.45

Үйірме жетекшісі: Бөденова Гүлмира

Түсініктеме

Қазақстанда мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту бойынша жүйелі шаралар кешені іске асырылуда. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту жүйесіндегі мемлекеттік саясат халықтың әртүрлі әлеуметтік топтарынан шыққан балалардың сапалы білім алуы үшін тең бастапқы мүмкіндіктер жасауға және қолжетімділікті қамтамасыз етуге бағытталған.

Өскелең ұрпақты дені сау, дербес, білуге құмар, көпшіл, сын тұрғысынан ойлайтын балаларды қалыптастыру мен әлеуметтендіруге бағытталған тәрбиелеу мен оқыту жүйесін енгізу міндеті ағымдағы жылы 15 наурызда Қазақстан Республикасы Үкіметінің №137 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделінде айқындалған. Осы аталған құжатта бірге ойнау дағдыларын, еңбек әрекеті дағдыларын, тазалықты, тәртіптілікті, ұйымшылдықты, ойлауды, қабылдауды және басқа дағдыларды меңгерту ойын нысанында іске асуға тиіс, ал ойын-баланың негізгі әрекеті және дамытудың негізгі құралы деп түсінік берген.

Балабақшада балаларға асық ойынын ойнату олардың денсаулығын нығайтуға, шапшаңдықты, ептілікті, интеллектуалды ойлауын, есте сақтауын, дұрыс оң шешім қабылдауын қалыптастыруға ықпал етеді.

Мақсаты: - мектеп жасына дейінгі балаларға асық ойындарын үйрету арқылы олардың жан-жақты үйлесімді дамуына жағдай жасау.

Міндеттері:

- Дене белсенділігін, шапшаңдықты, ептілікті дамыту;
- Танымдық, шығармашылық, зияткерлік қабілеттерін арттыру;
- Ұлттық құндылықтар мен ұлттық ойындарға баулу,
- Балалар мен педагогтердің ықпалдастығын қолдау.

Күтілетін нәтиже:

- Ой-өрісі кең, дүниетанымдық қабілеті жоғары, өнертапқыш, дарынды, талантты, ізденгіш, алдына мақсат қоя білетін тұлғаны тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:

Бала біледі:

- Бала асықты атуды үйренеді, ойын ережесі, әдіс-тәсілдері туралы түсінік алады, топтық жұмыс істеуге үйренеді.

Бала меңгереді:

- Бала мергендікті, ептілікті меңгереді, бұған қоса аяқ-қолдың қимылын жақсартып, денсаулығына көп пайда әкеледі.

Бала жасай алады:

- Ұлттық ойынға деген қызығушылығы артады, өз бетімен асық ойынын ойнай алады.
- Топпен жұмыс жасауды үйренеді, жеңімпаз болуға талпынады.

«Асық» мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін қолайлы және қауіпсіз, балалардың жас және жеке мүмкіндіктеріне сәйкес бес аланы толық қамтитын, денсаулығын нығайтуды және ойнап отырып ойлануға, бәсекелестікке қабілетті жеке тұлға қалыптастыруға жетелейтін озық технология.

Қазақтың қазақ болып қалуының бір жолы атадан балаға мирас болып келе жатқан ұлттық құндылықтарымызды қайта жаңғырту, асықты бүгінгі балалардың ойын құралына айналдыру, өскелең ұрпақтың қазақ мәдениетіне, ұлттық ерекшеліктерімізге деген құрметі артары сөзсіз.

«Нұрай» жеке балабақшасы

**«Ұлттық Асық» үйірмесіне
арналған тақырыптық
перспективалық жоспары**

«Балауса» МАД тобы

Үйірме жетекшісі: Беденова Гүлмира

2022-2023 оқу жылы

Бекітемін: *Бег*
«Нұрай» жеке балабақшасының
Менгерушісі Л.К.Бакешова
«29» *08* 2022 ж.

Тексерілді: *Айғабыл*
Әдіскер А.Айғабыл
«29» *08* 2022ж.

«Балауса» МАД тобы

Р/с	Ойынның атауы	Мақсаты	Уақыты
1.	Қазақ халқының ұлттық ойыны асықпен таныстыру	Ұлтымыздың негізсіз ұмытылып бара жатқан ойынын жаңғырту, асық ойыны туралы түсінік беріп, қызығушылық ояту.	<i>02.09.22</i>
2.	Асықтың түрлері, атаулары мен құрылысы	Асыққа қызығушылығын ояту, дүниетанымын кеңейту	<i>09.09.22</i>
3.	Алтын сақа	Балаларды биіктікке секіре отырып асықты ұстап алуға, дәлдікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу	<i>16.09.22</i>
4.	Асық иіру жаттығуы	Асықпен саусақ қимыл-қозғалысын шынықтыру арқылы бала денсаулығын нығайту	<i>23.09.22</i>
5.	Асық ату ойыны	Балалардың қол моторикасын дамыту, көзбен мөлшерлеп мергендікке тәрбиелеу, дене күшін жетілдіру	<i>30.09.22</i>
6.	Ханталапай	Балалардың жылдамдығын жеделдету, жүйке-жүйелерін шыңдау, есте сақтау қабілеттерін жетілдіру	<i>07.10.22</i>
7.	Кім зейінді?	Санау дағдыларын жетілдіру. Сан құрамы туралы ұғымдарын бекіту. Асықтарды сан жазылған ыдысқа орналастыру	<i>14.10.22</i>
8.	Өзіне жұп тап	Балаларды ойын ережесін бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру. Зейіндерін дамыту, жүру, жүгіру тәсілдерін жетілдіру.	<i>21.10.22</i>
9.	Сиқырлы әуен. Топай асығы	Асықты бір-бірімен соғу арқылы дыбыспен әуенге келтіру	<i>28.10.22</i>
10.	Асық атаулары	Алшы, Тәйке, Бүге, Шіге, Омпы, Шонқай атауларын білу, есте сақтауға жаттықтыру	<i>04.11.22</i>
11.	Кеңістікті бағдарлау	Кеңістікті бағдарлай білуге үйрету. Ойлау қабілеттерін, зейін, қабылдау процестерін дамыту.	<i>11.11.22</i>
12.	Кім тапқыр?	Ойын барысында балаларды зейінді болуға дағдыландыру. Түстерді тез айырып, жылдамдыққа, тапқырлыққа баулу. Достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.	<i>18.11.22</i>
13.	Табан іздері	Балалардың қозғалыстарын жетілдіру, қимылдық дағдыларын және дененің икемділігін, төзімділік қасиеттерін қалыптастыру	<i>25.11.22</i>
14.	Асықтардан сиқырлы тізбек жасаймыз	Тізбекті тізу арқылы түстер туралы білімін пысықтау, оларды бір-бірінен ажыратуды жетілдіру.	<i>02.12.22</i>

15.	Ғажайып қапшық	Дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажыратып, оларға сөз ойлау қабілеттерін дамыту. Татулыққа тәрбиелеу.	09.12.22
16.	Қанша – сонша	Санау дағдыларын жетілдіру. Берілген тапсырманы дұрыс орындай білуге жаттықтыру	23.12.22
17.	Тапсырманы орында	Көп және азды айыра білуге жаттықтыру. Салыстыру дағдыларын жетілдіру.	30.12.22
18.	Асықтар адасты	Сандарды тура және кері санау дағдыларын жетілдіру. Сандар қатары жайлы білімдерін бекіту.	06.01.23
19.	Шеңбер ойыны	Дәлдікке, мергендікке, ептілікке баулу	13.01.23
20.	Сиқырлы қолғап	Ойын жаттығуларды әуен ырғағымен үйлестіре орындауға, денсаулықтарын нығайтуға, мүсін сымбатын қалыптастыруға тәрбиелеу	20.01.23
21.	Луллия шеңбері	Сөздердегі дыбыстарды ажырата білуге үйрету, әріптерді тани білу дағдыларын жетілдіру. Ойын барысында балаларды зейінді болуға дағдыландыру.	27.01.23
22.	Апта күндері	Апта күндерін атап, есте сақтай білуге үйрету. Уақытты бағдарлау.	03.02.23
23.	Мұнара құрастыру	Көлеміне қарап ажырата білуге жаттықтыру. Заттарды өсу және кему ретімен жинастыра білуді қалыптастыру.	10.02.23
24.	Үш табан ойыны	Дәлдікке, мергендікке баулу	17.02.23
25.	Бес табан ойыны	Асық ату иірімін меңгеру. Дәлдікке, мергендікке баулу	24.02.23
26.	Массажерлар	Тұлғаның дұрыс қалыптасуына, денені тік ұстап отыруға жаттықтыру. Қозғалыс белсенділіктерін дамыту.	03.03.23
27.	Бәйге ойыны	Берілген дыбысқа сөз ойлау. Сөздік жұмыс жүргізу арқылы баланың сөздік қорын молайту.	10.03.23
28.	Жыл мезгілдері	Жыл мезгілінің маусымдық өзгерістері жайлы білімдерін толықтыру. Ойындар арқылы балалардың білім және білік дағдыларын қалыптастыру	17.03.23
29.	Шік-бүк, алшы-тәйке ойыны	Асық атауларының ерекшеліктерін білу.	24.03.23
30.	Дойбы ойыны	Ойлау қабілеттерін арттыру, өз-өзіне сенімділікке баулу	31.03.23
31.	Асықтарды сана	Санауды бекіту. Балалардың назарын дамыту, байқағыштықтарын арттыру, асықтарды түсіне қарап санау.	07.04.23
32.	Тайқазан	Сандар жазылған қоржынға санына қарай асықтар жинақтау	14.04.23
33.	«Бес асық» ойыны	Ойынның баланың жетілуіне, ой-санасының дауына, ептілігіне қосар үлесі мол. Ол әсіресе баланың биологиялық дамуы үшін де аса пайдалы.	21.04.23
34.	Менің орным қайда?	Балаларды ойын ойнау арқылы байқағыштыққа, сандарды ретімен тез орналастыруға баулу, олардың сандар қатары туралы білімдерін бекіту.	28.04.23

35.	Сиқырлы асықтар	Балалардың дене мүшесінің сұлулығын қалыптастыру, балалардың денсаулығын нығайту және сақтау.	5-12.05 2023
36.	Асықпен құмда сурет салу	Баланың ұсақ моторикасымен қатар бейнелеуге деген қызығушылығы артады, қиялы дамиды және өзінің ойымен салынған бейнені өз сөзімен түсіндіру барысында сөздік қоры молаяды, өз ойын еркін жеткізуге дағдыланады.	19-26. 05.23

«Тұтқиылды Ақыл» ұйымының
арнайы сақиналы
сәтіндік жасау

«Балаусы»

Тұрғын және қонақ үй

2022-2023 оқу жылы

«Нұрай» жеке балабақшасы

***«Ұлттық Асық» үйірмесіне
арналған тақырыптық
перспективалық жоспары***

«Балнұр» ортаңғы тобы

Үйірме жетекшісі: Беденова Гүлмира

2022-2023 оқу жылы